

Кегембаева Ж.А.¹, Каримова А.Д.²

¹заң ғылымдарының докторы, доцент,
полиция полковнигі, e-mail: kegembaeva@mail.ru

²жедел іздестіру қызметі кафедрасының бастығының орынбасары,
заң ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі, e-mail: k.aliyam@mail.ru
Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ
ЗАҢНАМА НОРМАЛАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада халықаралық қылмыстық құқықтық нормаларын қолдану жолдары қарастырылады. Ерекше назар халықаралық құқықтық нормаларды ұлттық заңнамаға имплементациялау мәселелеріне аударылады. Автордың негізгі міндеті – халықаралық құқық пен Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы нормаларының арақатынасын кешенді талдау, сондай-ақ оның тиімділігін арттыру үшін ғылыми ұсынымдар әзірлеу.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының құқықтық нормалары мен халықаралық қылмыстық құқықтың өзара әрекеттесуінің проблемалық мәселелерін шешу. Сондай-ақ, қылмыстық құқық институттарын құқықтық ғылым саласы ретінде реттейтін нормаларға қатысты сұрақтар да бар. Елдердің дамуының заманауи интеграциялық жағдайында Қазақстан мен халықаралық қылмыстық құқықтың рөлі ерекше маңызға ие. Халықаралық саясаттың тұрақсыздығы, трансұлттық сипаттағы қылмыстар халықаралық санкциялардың жаңа тиімді шараларын талап етеді. Халықаралық қылмыстық құқық бұзушылықтардың тұрақты қаупі заманауи мәселеге қарсы бағытталған барлық шараларды қолдану қажеттілігін тудырады. Соңғы жылдары халықаралық қылмыстық құқық тез дамып келе жатқанына қарамастан, соңғы жылдары жасалған халықаралық қылмыстар саны азайған жоқ. Осыған байланысты жаһандану үдерістері мемлекеттерден жеке тұлғаларға жеке құқық субъектілерін дамыту үшін жаңа міндеттер мен шарттарды белгіледі.

Түйін сөздер: қоғам, пән, объект, заңның үстемдігі, қылмыс, адам, шетел азаматы, азаматтығы жоқ адам, саясат, әлеумет, заңнама, жауаптылық, құқық, мемлекеттік қызмет, азамат.

Kegembaeva Zh.A.¹, Karimova A.D.²

¹Doctor of Law, Associate Professor, Colonel of Police, e-mail: kegembaeva@mail.ru

²Deputy Head of the Operational Investigative Department Almaty, Candidate of Law,
Colonel of Police, e-mail: k.aliyam@mail.ru

Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Almaty

Problems of interaction of legal standards of Kazakhstan and international criminal law

The article deals with the ways of applying the norms of international criminal law. Particular attention is paid to the problems of the implementation of international legal norms in national legislation. The author's main task is to conduct a comprehensive analysis of the interaction of the norms of international law and the norms of the criminal law of the Republic of Kazakhstan, as well as the development of scientific recommendations to improve the effectiveness of this interaction.

The main purpose of writing this research is to solve the problematic issues of the interaction of the legal norms of Kazakhstan and international criminal law. And also, questions concerning those norms which regulate the institutions of criminal law as branches of law in legal science. In modern integrative conditions of the development of countries, the role of Kazakhstan and international criminal law acquires special significance. The instability of international politics, crimes of a transnational nature require new effective measures of international sanctions. The constant threat of international criminal offenses creates the need to act using all measures directed against the problem of modernity. Despite

the fact that international criminal law has been developing rapidly in recent years, the number of international crimes committed in recent years has not declined. In this regard, globalization processes set new tasks and conditions for the development of specific subjects of law, from states to individuals.

Key words: society, subject, object, rule of law, crime, man, foreigner, stateless person, politics, society, law, responsibility, law, civil service, citizenship.

Кегембаева Ж.А.,² Каримова А.Д.

¹доктор юридических наук, доцент полковник полиции, e-mail: kegembaeva@mail.ru

²заместитель начальника кафедры оперативно-розыскной деятельности, кандидат юридических наук, полковник полиции, e-mail: k.aliyam@mail.ru

Алматинская академия МВД Республики Казахстан, Казахстан, г. Алматы

Проблемы взаимодействий юридических норм казахстанского и международного уголовного права

В статье рассматриваются способы применения норм международного уголовного права. Особое внимание уделено проблемам имплементации международно-правовых норм в национальное законодательство. Основной задачей автора стало проведение комплексного анализа соотношения и взаимодействия норм международного права и норм уголовного права Республики Казахстан, а также разработка научных рекомендаций по повышению эффективности такого взаимодействия.

Основная цель написания данного исследования – раскрыть проблемные вопросы взаимодействий юридических норм Казахстанского и международного уголовного права, а также вопросы касательно тех норм, которые регулируют институты уголовного права как отрасли права в юридической науке. В современных интегративных условиях развития стран роль казахстанского и международного уголовного права приобретает особую значимость. Нестабильность международной политики, преступления транснационального характера требуют новых эффективных мер международных санкций. Постоянная угроза международных уголовных преступлений создает необходимость действовать, используя все меры, направленные против проблемы современности. Несмотря на то, что за последние годы международное уголовное право активно развивается, количество совершаемых преступлений международного характера за последние годы не сокращается. В связи с этим глобализационные процессы ставят новые задачи и условия развития конкретных субъектов права, начиная от государств и заканчивая физическими лицами.

Ключевые слова: общество, субъект, объект, верховенство закона, преступность, человек, иностранец, лицо без гражданства, политика, общество, право, ответственность, право, гражданская служба, гражданство.

Қазақстанның Конституциясы халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларынан шығады. Онда Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы (1948 ж.), «Адамның азаматтық және саяси құқықтары туралы», «Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы» халықаралық пактілер (1966 ж.), Бала құқықтары декларациясы (1959 ж.), «Әйелдердің саяси құқықтары туралы» Конвенция (1954 ж.) секілді халықаралық-құқықтық құжаттардың негізгі ережелері кең көрініс тапқан.

Негізгі Заңды құру кезінде басқа мемлекеттердің тәжірибелері, адам құқықтары саласында құқықтық ғылым теориясының жетістіктері терең зерделенді және пайдаланылды. Жеке индивидтің құқықтары мен еркіндіктері идеясының өзін іс жүзінде мойындамаған, қатаң тоталдық өкіметі бар одақтас мемлекеттің құрамында ұзақ уақыт болған Қазақстан үшін бұндай тәсіл нышандық, оның бұрынғы

марксистік доктринадан: мемлекеттен адамға ұғымынан бас тартқандығы туралы куәландыратын болып табылады.

Халықаралық және ұлттық қылмыстық заңнаманың әрекеттестігі мәселелері Қазақстан Республикасы үшін үлкен мәнге ие.

Халықаралық қылмыстық құқықтың нормаларын, қағидаларын және стандарттарын имплементациялау қылмыстылықтың өсуіне қарсы әрекет етуге, трансұлттық қылмыстар үшін жауаптылықты іске асыруға, адам мен азаматтың көпшілік мақұлдаған құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз етуге негіз болады.

Халықаралық қылмыстық құқықтың жеке мемлекеттердің қылмыстық заңнамасымен байланысы ұлттық қылмыстық құқықтың жеке институттарының халықаралық келісімдермен мақұлданған бола тұра, халықаралық қылмыстық құқықтармен қабылданатындығында, ал халықаралық қылмыстық құқық ережелерінің

ұлттық қылмыстық заңнама арқылы ұлттық қылмыстық құқықтың нормалары болып қалыптасатындығында [1, 1576].

Негізінен, ұлттық және халықаралық заңнаманың байланысы туралы мәселе құқық қолдану теориясы мен тәжірибесінде әр түрлі пікірлер тудырады.

Кейбір мемлекеттердің соттары халықаралық құқық нормаларының олар үшін міндетті екендігі туралы мәселені пікірталасты деп қарайды. Швейцария, Франция, Бельгия және тағы басқа да елдердің соғысқа дейінгі тәжірибесі осындай болған. Ағылшын және американдық соттардың пікірі, керісінше, халықаралық құқықтың олардың ұлттық құқығының бір бөлігі болып табылатындығында [1, 1566].

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың басымдығын мойындайды. Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясының 4-бабы 3-тармағына сай «Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады» [2].

Сайып келгенде, Негізгі Заң тек бекітілген халықаралық актілер ғана ие басымдылық туралы айтады. Қазақстан біріктіру арқылы таныған шарттарды орныдау мәселесі болса шешусіз қалды.

Қазақстандық ғалымдар осы мәселеге көңіл аударды. Н.О. Толкумбекова «Қазақстан үшін бекіту нысанында ғана емес, сондай-ақ басқа да нысандарды міндетті болып танылған халықаралық келісімшарттардың ұлттық заңнама алдындағы басымдығын белгілеу қажет, бұл Қазақстан Республикасының ұлттық құқығының халықаралық құқықтың талаптарына дәлме-дәл келуіне, сонымен бірге халықаралық аренада Қазақстан Республикасының құқықты иеленуінің халықаралық-құқықтық негізін нығайтуға мүмкіндік береді» деп атап өтеді және конституциялық норманың жаңа тұжырымын ұсынады, жеке алғанда: «Заңды күшке енген және Қазақстан Республикасы үшін міндетті болған халықаралық келісімшарттар оның заңдарының алдында басымдыққа ие...» [3, 96].

Қазақстанның ұлттық заңнамасына халықаралық гуманитарлық құқықтың нормаларын имплементациялаудың негізгі мәселелерінің бірінің әлдеқашан конституциялық реттеу деңгейінде негізі қаланған болғаны ғой.

Осылай, қарулы даулар кезінде адамның құқықтарын қорғауды реттейтін 1949 жылғы Же-

нева конвенциясына және қазіргі халықаралық гуманитарлық құқықтың негізін құрайтын 1977 жылғы оған Қосымша хаттамаларға қосыла отырып, Қазақстан осы акттер мен олармен бекітілген қағидаларды өзінің ұлттық заңнамасына имплементациялау бойынша міндеттемені өз жауапкершілігіне алды.

Алайда, көрсетілген конвенцияларды Қазақстанның адамның құқықтары мен еркіндіктеріне қатысты халықаралық актілер үшін мойындау нысанына рұқсат берген 1993 жылғы Конституцияның әрекет етуі кезінде мойындағандығын атап өту керек. Әйтсе де, 1995 жылғы қолданыстағы Конституция бойынша де-юре Женева конвенциялары ұлттық заңның алдында басымдылыққа ие емес, себебі олардың міндеттілігіне келісім бекіту арқылы емес, қосу арқылы білдірілген.

Халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын Қазақстанның заңнамасына имплементациялаудың маңыздылығын көрсете отырып, М.Б. Құдайбергенов былай деп жазады: «Мемлекеттер – Женева конвенциялары мен оған Қосымша хаттамаларға қатысушылар гуманитарлық саладағы өзінің ұлттық заңнамасының нормаларын Женева құқықтары нормаларымен сәйкестендіруі керек. Демек, Женева құқықтарының нормаларын мойындаудың өзі ұлттық деңгейде олардың тиісті мойындалғандығы және орындалғандығы туралы айту әлі ерте. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы қазіргі кемшіліктер Женева құқықтарының барлық талаптарына, гуманитарлық саладағы барлық болып жатқан оқиғаларға әрекет етуге мүмкіндік бермейді» [4, 256].

Басқа қазақстандық зерттеуші М.Д. Балтабеков «1949 жылғы Женева конвенциялары мен оған Қосымша хаттамалардың қатысушысы бола тұра, Қазақстан халықаралық гуманитарлық құқықтың қағидаларын орындауға міндеттенді» және «қылмыстық заңнамада орын алған кемшіліктер жойылуы мүмкін және керек, себебі өзінің фрагменттігі мен жүйесіздігінің салдарынан бұндай жағдай тәжірибелік қызметте үлкен қиындықтар тудыруы мүмкін» деп көрсетеді [5, 19 б].

Біздің көзқарасымыз бойынша, Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесінің конституциялық норманы кеңірек түсіндіру мен сол немесе басқа нысанда Қазақстанмен ресми мойындалған барлық келісімдерге халықаралық келісімшарттардың басымдылығы қағидасын тарату арқылы мәселені шешуі ең жақсы шешім болар еді.

Ұлттық қылмыстық заңнамаға халықаралық гуманитарлық құқықтың нормаларын имплементациялау мәселелері әр түрлі мемлекеттер үшін көкейкесті болып табылады. Беларусь ғалымы В.Ю. Калугин мемлекет, ең алдымен, халықаралық гуманитарлық құқықтың тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында заң шығару деңгейінде тиісті шара қолдануы керек деп белгілейді [6, 426].

Халықаралық қылмыстық құқықтың нормаларын, қағидаларын және стандарттарын имплементациялау қылмыстылықтың өсуіне қарсы әрекет етудің, ұлт аралық қылмыстар үшін жауапкершілікті іске асырудың, адам мен азаматтың көпшілік мойындаған құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз етудің негізін қалайды.

Мемлекеттердің халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы ісінде жетекші рөлді, сөзсіз, халықаралық құқықтың қағидалары атқарады. Олар «халықаралық құқық элементтері байланыстарының сипатын реттей отырып, оның құрылымнан өтіп кетеді және анықтау түрінде бұл құқықтың басқа жа әлеуметтік жүйелермен және, ең алдымен, мемлекетаралық қатынастар жүйесімен өзара әрекеттесу тетігіне ықпал етеді» [7, 56].

Әрекеті тек қана соғыс уақытына есептелген Женева және Гаага конвенцияларынан басқа, 1966 жылғы Адам құқықтары туралы пактілер, құқықтың жеке санаттарын қамтамасыз ету мен қорғауға бағытталған басқа да акттер секілді мағыналы халықаралық құқықтық акттерді де атап өтуге болады.

Осыған ұқсас халықаралық келісімшарттар халықаралық қылмыстық құқықпен тікелей байланысты, себебі осы шарттарда белгіленген, адам құқықтарының жеке санаттарын бұзғаны үшін халықаралық қылмыстық жауапкершілікті белгілеу мен іске асыруға тиімді мүмкіндік туғызады.

Кез келген мемлекеттің ішкі қылмыстық заңнамасының құқықтық саясаттың мақсаттарымен, тарихи тәжірибемен, ұлттық ділмен және т.б. шарттасқан өзінің айрықша ерекшеліктері бар. Алайда қылмыстық заңнаманың әртүрлі жүйелерінің арасында қылмыстың, жазаның мәнін, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу мәселелерінің тұтастығын түсіну бірлігінен шығатын ұқсас белгілер өзгеріссіз қалады.

Қазақстан дербес ішкі саяси қызметінің салыстырмалы қысқа тарихи кезеңі ішінде белсенділік пен әрі қарайғы нәтижелі халықаралық ынтымақтастыққа дайындығын көрсетті.

Қылмыстық заң шығару саласында ортақ халықаралық-құқықтық қағидаларды қалыптастыру болса, қылмыстық әрекеттердің жүйелерін бір ізге салуға жағдай туғызады, мемлекетке қылмыстылыққа қарсы күрес бойынша жинақталған халықаралық тәжірибені тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Л.Ч. Сыдыкова халықаралық заңнама нормаларын имплементациялау кезінде жиі ұйымдастырушылық және шын мәнінде нормативтік сипаттағы мәселелердің туындайтындығын атап өтеді. Ұйымдастырушылық мәселелерге, ғалымның пікірінше, ұлттық парламентпен тиісті заңдар қабылданбайынша бекітілген халықаралық конвенциялар қолданыла алмайтын жағдайларды жатқызуға болады. Нормативтік-мазмұндық тұрғыдағы мәселелер аса күрделі. Кез келген мазмұндама стилінің өзгешелігінен байқалатын, халықаралық конвенциялардың ерекшелігі туралы сөз болып отыр. Сонымен қатар ұлттық заңнамада басқаша аталатын, бірақ осыған ұқсас қылмыстың құрамы бар. Мысал ретінде Л.Ч. Сыдыкова «Азаптау» ҚР ҚК-нің 332-1 бабын және айғақтарды беруге мәжбүрлегені үшін жауапкершілік көзделген ҚР ҚК-нің 325-бабын атайды [8, 360-361б].

Имплементациялаудың басқа мәселесі халықаралық және ұлттық институттарды синтездеу болып табылады. Қырғыз ғалымы А.А. Арабаев өз еліне байланысты былай дейді: «батыс демократиялық нормалар мен рәсімдерді негізсіз имплементациялау олардың қырғыздық қоғамға сіңіспей қана қоймай, сонымен қатар қырғыз халқының тарихын, тілін, мәдениетін және дәстүрлерін сақтауды жоюы да мүмкін» [9, 374б].

Мұндай тұжырымның Қырғыз Республикасына ғана емес, сондай-ақ кез келген басқа елге қатысты әділ екендігі сөзсіз.

Қорытындылай келе, халықаралық құқық нормаларын ұлттық қылмыстық заңнамаға имплементациялау кезінде мынадай қажетті шарттарды орындау қажет екендігін атап өту керек:

- ұлттық қылмыстық заңдардың ұйғарымдары арқылы халықаралық қылмыстық-құқықтық нормалардың әрекеті жанама және мемлекет ішілік нормалармен келісілген болуы керек;
- жалғыз қолданылатын қылмыстық-құқықтық терминологияға бақылау жүргізу;
- қылмыстық заңнамаға енгізілетін өзгертулердің орындылығы мен нәтижелігін анықтайтын, көпшіліктің пікірі, ұлттық ерекшеліктер және елдегі саяси-экономикалық ахуал ескерілуі керек.

Әдебиеттер

- 1 Шаргородский М.Д. Уголовный закон // Избранные работы по уголовному праву. – СПб.: Юрид.центр Пресс, 2003. – 516 с.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 ж. референдумда қабылданған. – Алматы: Юрист, 2017. – 42 с.
- 3 Толқумбекова Н.О. Актуальные проблемы развития международной правосубъектности Республики Казахстан: з.ғ.к. ...автореф. – Алматы, 2002. – 26 с.
- 4 Құдайбергенов М.Б. Международное гуманитарное право и национальное законодательство Республики Казахстан. – Алматы: Данекер, 1998. – 25 с.
- 5 Балтабеков М.Д. Имплементация норм международного гуманитарного права в уголовное законодательство Республики Казахстан // Актуальные проблемы участия Республики Казахстан в межгосударственном сотрудничестве. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – С. 19-22.
- 6 Калугин В.Ю. Обязательства Республики Беларусь по пресечению серьезных нарушений международного гуманитарного права и их реализация в уголовном законодательстве // Белорусский журнал международного права и международных отношений. – 1998. – № 3. – 42 с.
- 7 Курс международного права. Основные принципы международного права / отв. ред. И.И. Лукашук. – М., 1989. Т.2. – 375 с.
- 8 Сыдыкова Л.Ч. Уголовное законодательство Кыргызской Республики: проблемы имплементации международных норм // Международное и национальное уголовное законодательство: проблемы юридической техники. – М.: ЛексЭст, 2004. – С. 360-361.
- 9 Арабаев А.А. Политика власти в Кыргызской Республике: проблемы формирования и реализации // Право и политика. – 2011. – № 1, 2. – С. 371-376.

References

- 1 Shargorodskij M.D. (2003) Ugolovnyj zakon // Izbrannye raboty po ugolovnomu pravu. – SPb.: Jurid.cent. Press. – 516 c.
- 2 Kazakstan Respublikasynynng Konstitucijasy, 30 tamyz 1995 zh. referendumda qabyldanfan. (2017)– Almaty: Jurist.– 42 c.
- 3 Tolkumbekova N.O. (2002) Aktual'nye problemy razvitija mezhdunarodnoj pravosub#ektnosti Respubliki Kazahstan: z.f.k. ...avtoref. – Almaty. – 26 c.
- 4 Құдайбергенов М.Б. (1998) Mezhdunarodnoe gumanitarnoe pravo i nacional'noe zakonodatel'stvo Respubliki Kazahstan. – Almaty: Daneker.– 25 c.
- 5 Baltabekov M.D. (2003) Implementacija norm mezhdunarodnogo gumanitarnogo prava v ugolovnoe zakonodatel'stvo Respubliki Kazahstan // Aktual'nye problemy uchastija Respubliki Kazahstan v mezhdunarodnom sotrudnichestve. – Almaty: Qazaq universiteti. –19-22 c.
- 6 Kalugin V.Ju. (1998) Objazatel'stva Respubliki Belarus' po presecheniju ser'eznyh narushenij mezhdunarodnogo gumanitarnogo prava i ih realizacija v ugolovnom zakonodatel'stve // Belorusskij zhurnal mezhdunarodnogo prava i mezhdunarodnyh otnoshenij. – № 3. – 42 c.
- 7 Kurs mezhdunarodnogo prava. Osnovnye principy mezhdunarodnogo prava / Otv. red. I.I. Lukashuk. – M., 1989. T.2. – 375 c.
- 8 Sydykova L.Ch. (2004) Ugolovnoe zakonodatel'stvo Kyrgyzskoj Respubliki: problemy implementacii mezhdunarodnyh norm // Mezhdunarodnoe i nacional'noe ugolovnoe zakonodatel'stvo: problemy juridicheskoy tehniki. – M.: LeksJest. – С. 360-361.
- 9 Arabaev A.A. (2011) Politika vlasti v Kyrgyzskoj Respublike: problemy formirovaniya i realizacii // Pravo i politika. – № 1,2. –С. 371-376.